

9. Тұрсынбаев А. Е.А. Бөкетовтың ғылыми мектебі. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016.
10. Қамзин Қ., Молдағұлова А. Академик Е.А. Бөкетов еңбектерінің ғылыми негіздері // Хабаршы. - 2020. - №3. - 45-56 б.
11. Жұмаділдаев Д. Ғалым және гуманист: Е.А. Бөкетов туралы ойлар // Қазақ әдебиеті. - 2015. - №12.
12. Әбдіғалиұлы Қ. Қазақ философиялық прозасының дамуындағы Е.А. Бөкетовтың рөлі // Әдебиет және өнер. - 2018. - №2. - 66-72 б.
13. Сулейменов О. Түркі дүниесінің рухани кеңістігіндегі Е.А. Бөкетов көзқарастары. - Астана: ЕҰУ баспасы, 2019.
14. Қарағанды университеті тарихы. - Қарағанды: ҚарУ, 2021.

«ЕР ЕДІГЕ» ТАРИХИ ПОЭМАСЫН ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ РӨЛІ

Махмудова Д.С.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

dilnazmahmudova1@gmail.com

Астана қ.

Бұл мақалада академик Қ.И. Сәтбаевтың Қазақстанның мәдени мұрасын сақтауға қосқан үлесі жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің негізгі бағыты - ХХ ғасырдағы отандық гуманитарлық ғылымның қалыптасу контекстінде ғалымның фольклорлық және этнографиялық мұрасын талдау. Қ.И. Сәтбаевтың бастамасымен қайта даярланып, ғылыми өңдеуден өткен «Ер Едіге» жырына назар аударылады. «Ер Едіге» эпосы мақалада Жошы Ұлысы дәуірінің фольклорлық хроникасы, қазақ халқының тарихи жады мен рухани құндылықтарының көрінісі ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында Сәтбаевтың көпқырлы ғылыми мұрасы халық шығармашылығын зерттеу мен сақтау тұрғысынан сараланады. Геология, публицистика, этнография және мәдени география салаларындағы еңбектерін зерделей отырып, ғалым фольклорды жай көмекші материал емес, ұлттық рухани-мәдени тарихты танудың дербес әрі негізгі қайнар көзі ретінде бағалағаны анықталады. Қ.И. Сәтбаев еңбектерінде фольклорлық мәтіннің түпнұсқалық табиғатын, оның тілдік және көркемдік ерекшеліктерін дәл сақтауға деген ұстаным айқын көрінеді. Бұл талап оның тіл тазалығына негізделген ғылыми қағидасымен тығыз байланысты. Сәтбаев «Ер Едіге» жырын Жошы ұлысының тарихи болмысын бейнелейтін маңызды фольклорлық жәдігер деп сипаттайды. Қ.И. Сәтбаевтың гуманитарлық саладағы ғылыми ізденістері кеңістік семиотикасы мен фольклор семиотикасының тоғысатын тұстарын айқындап, пәнаралық зерттеулерге тың бағыттар ашты.

Қ.И. Сәтбаевтың 1920-жылдары Едіге бейнесіне қызығушылығы сол кезеңнің әлеуметтік-саяси контекстіне байланысты болды. 1925 жылдың ортасынан бастап кеңестік билік Сталиннің «мазмұны жағынан пролетарлық, формасы жағынан ұлттық» деген формуласы бойынша мәдени саясатты белсенді түрде жүргізе бастады [2, 21 б]. Мұндай жағдайда идеологиялық талаптарға сәйкес келетін, бірақ ұлттық дәстүрмен сабақтастығын үзбейтін жаңа қаһармандар мен мәдени үлгілер қажет болды. Осы кезеңдегі жас қазақ зиялыларының қатарында болған Қаныш Сәтбаев дәл осындай тұлғаларды тарихи өткеннен саналы түрде іздеді. Томск университетінің студенті бола жүріп, болашақ ғалым шығыстың халықтары этнографиясы, мәдениеті мен тарихына қатысты еңбектерді оқып, еуропалық және орыс классиктерінің шығармаларымен танысады. Қаныш ғылыми үйірме құрудың бастамашысы болып, қазақ халқының әндік және әдеби мұрасы туралы бірнеше рет баяндама жасайды, кештерде қазақ әндері мен өлеңдерін өзі жасаған орысша аудармасында орындауды ұйымдастырады.

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бірде былай деп жазған: «Ол жылдары мен жас едім және лирикаға біраз әуестігім болатын. Бірақ лирика - адамды табанды, рухтанған еңбекке шабыттандыратын арман» [1, 263]. Бұл сөздер ғалымның туған халқының, сондай-ақ басқа халықтардың көркемдік және поэтикалық әлемімен рухани байланысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл - оның энциклопедиялық білімінің ең жарқын қырларының бірі, оның аса көрнекті шығармашылық тұлғасының ерекшелігін айқындайтын қасиеттерінің бірі. Осы орайда Қ.И. Сәтбаевтың гуманитарлық ғылымдарға қатысты мұрасының маңызды әрі ауқымды бөлігін әдебиет жөніндегі еңбектері құрайды. Ғалым халқымыздың бай ауыз әдебиетіне, жазба қазақ әдебиетінің және әдебиеттанудың даму мәселелеріне ерекше қызығушылық танытты. Әдебиет туралы Қ.И. Сәтбаев

айтқан көптеген болжамдар филология мен әдебиеттану ғылымдарының түрлі мәселелерін ғылыми тұрғыдан дамытуда бағалы маңызға ие болды.

Мақалада Қаныш Сәтбаевтың «Ер Едіге» тарихи поэмасын жаңғыртудағы рөліне ерекше назар аударғмыз келеді. Студенттік жылдарында Қ.И. Сәтбаев алгебра оқулығын аяқтап қана қоймай, фольклорға, әсіресе «Ер Едіге» эпосына қатысты мәтінтанулық материалдың мол қорын жинады. Кейінірек Қ.И. Сәтбаев өмірінің осы кезеңі туралы былай деп жазған: «... Менің сол кезде «Едіге туралы жырға» ден қоюыма себеп болған нәрсе - 1920-1924 жылдары ауыз әдебиеті материалдарына деген жалпы қызығушылығым еді... Сол жылдары қазақтардың ауызша халық шығармашылығы үлгілерін едәуір қызығушылықпен жинап, жазып алып жүрдім. Олардың кейбірі туралы газет беттерінде мақалалар да жаздым. Солардың ішінде тілінің байлығымен, өлеңдік формаларының көркемдігімен, тарихи-этнографиялық материалдарының молдығымен мені ерекше таңғалдырғаны - Ш. Уәлиханов жазып алған, кейін профессор П.М. Мелиоранский жариялаған нұсқадағы «Едіге туралы жыр» еді. Бұл нұсқада Ер Едігенің Русь пен Литваға қарсы соғыстары сипатталмайды. Жыр Тоқтамыс пен Едіге арасындағы өзара қақтығыстарға негізделген» [1, 265].

Қазақ этносы тарихында тәуелсіздікке дейінгі кезеңде орын алған бірқатар маңызды оқиғалар бар. Қанды соғыстар, трагедиялық тағдырлар халық эпосында көрініс тапқан. Ғасырлар тереңінен жеткен фольклорлық мұра түркі халықтарының ортақ түп-тамыры бар екенін айғақтайды. Бұған дәлел - түркі халықтарының тіліндегі, менталитетіндегі, дініндегі ұқсастықтар, сондай-ақ эпикалық жырлардағы сюжеттердің, кейіпкерлердің және идеялық мазмұнның ортақтығы. Осындай эпостардың бірі - әйгілі «Ер Едіге» эпосы. «Едіге мен Тоқтамыс туралы жырдың» қолжазба нұсқасы XV ғасырда авторы белгісіз адам тарапынан құрастырылған. Профессор П.М. Мелиоранский бұл қолжазбаның түпнұсқа көшірмесі XVIII ғасырдың екінші жартысында-ақ жоғалған деп есептеген. Қазақ тілінде осы жырдың бірнеше нұсқасы бар. Солардың ішінде ең құндысы - белгілі қазақ ғалымы, шығыстанушы әрі фольклорист Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханов жазып кеткен нұсқа. Бұл нұсқа - поэманың сақталып жеткен ең көне нұсқаларының бірі ретінде бағаланады. 1905 жылы ғалым П.М. Мелиоранский бұл нұсқаны Петербургте жеке кітапша ретінде жариялаған. Кейін Шоқан Уәлиханов әкесінің қолжазбасын толықтырып, редакциялаған.[3]

Ш. Уәлиханов өзінің «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» атты мақаласында бірнеше қазақ аңыз-әңгімелерін талдайды, солардың ішінде «Едіге» поэмасын ерекше бөліп көрсетеді. Ғалымның айтуынша, бұл жырдың көне екендігін оның құрамындағы қазақ тілінен әлдеқашан шығып қалған көптеген ескі сөздер мен сөз тіркестері дәлелдейді. Ерекше назар аударарлығы - эпос мәтінінің ешбір жерінде парсы немесе араб тілінен енген сөздердің кездеспеуі. Ал мұндай сөздер Уәлиханов өмір сүрген кезеңдегі қазақ тілінде кең тараған болатын. Ғалым мұны ислам дінінің таралуы мен оның тілге тигізген ықпалымен әділ түрде байланыстырады [2, 5]. Эпос бірнеше нұсқадан тұрады. Академик В. М. Жирмунскийдің деректеріне сәйкес, «Ер Едіге» жырының орыс тіліне аударылған 30 нұсқасы бар, олардың 15-і қолжазба түрінде сақталған. Ал Қазақстанның Орталық ғылыми кітапханасында бұл поэманың 6 нұсқасы сақталған.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еңбегінің маңызы - ұлтшылдықпен айыпталу қаупі мен кейінгі репрессияларға қарамастан, ғалымның 1927 жылы Мәскеуде «Ер Едіге» эпосын жариялап шығаруында. Жоғарыда айтылғандай, эпостың алғашқы нұсқасын орыс тілінде Шоқан Уәлиханов жазып алған болса, екінші нұсқасын қазақ тілінде Ресейлік филолог, профессор Платон Мелиоранский қағазға түсірген. Белгілі болғандай, Қаныш Сәтбаев студент кезінде Томск университетінің кітапханасынан Ресей географиялық қоғамының еңбектерін қарап отырып, «Ер Едіге» эпосының екі нұсқасын табады: бірі - Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқа, екіншісі - профессор Платон Мелиоранскийдің нұсқасы. Ол осы екі нұсқаны салыстырып, редакциялап, өз алғысөзімен бірге жаңа нұсқасын дайындайды. 1927 жылы Мәскеуде КСРО халықтары Орталық баспасынан 3 мың данамен араб графикасымен қазақ тілінде оның «Ер Едіге» атты кітабы жарық көреді. «Ер Едіге» эпосын жариялау ісі Алашорда көсемі Әлихан Бөкейхановтың кеңесі және қолдауымен жүзеге асқан, ол сол жылы аталған баспаның қазақ редакциясын басқарған. Өткен ғасырдың 20-жылдарының соңындағы қыс мезгілдерінің көбін Сәтбаев Мәскеуде өткізген. Ол мұнда КСРО-ның Главцетметі мен Геолкомына атқарған жұмыстары туралы есеп беріп, пайдалы қазбаларды барлау материалдары бойынша камералдық зерттеулер жүргізді. Осы кезеңде ол Әлихан Бөкейхановпен бірнеше рет жүздескен. Сол кездесулердің бірінде Бөкейханов жас қазақ инженері Сәтбаевты РСФСР халық ағарту комиссары А. Луначарскиймен таныстырған. Кейіннен Қаныш Имантайұлының жиені, сол кезеңдегі сапарлардың басым бөлігінде оны ертіп жүрген Ғалымтай Сәтбаев былай деп еске алады: «Анатолий Васильевичтің фольклорға деген қызығушылығын бәрі білетін. Кездесуге барар алдында ағам маған

домбыраны алып шығуды өтінді. Сол домбыраның сүйемелдеуімен мен Бөкейханов, Луначарский және Сәтбаевтың алдында халық әні «Қараторғайды» орындадым».[7]

Орыс филологы, академик Иван Иванович Мещанинов пен оның қазақ әріптесі Есмағамбет Исмаилов Қаныш Сәтбаевтың еңбегіне жоғары баға бергеніне қарамастан, 1951 жылы бұл оны құтқара алмады: «хандар мен батырлар туралы эпос» үшін оған «ұлтшыл» деген айып тағылды. «Ер Едіге» поэмасында кездесетін кейбір маңызды жайттарды атап өткен жөн. Қазақ және орыс тілдерінде жазылған «Едіге туралы жырдың» алғысөзінде фольклор шығармаларының ғылым үшін құндылығы үш тұрғыдан көрсетіледі:

1. оларда қазақ тілінде бұрын болған, бірақ кейінгі ұрпақтың өмірінде ұмытылған сөздер бар.
2. халықтық жырлардың өлеңдік бөліктері аса шеберлікпен жасалған.
3. ауыз әдебиеті шығармаларында өткен дәуірлердің тұрмысы, санасы мен әдет-ғұрыптары бейнеленеді.

Қ.И. Сәтбаев жаңа нұсқасында бұл жырды заманауи қазақ орфографиясы негізінде қайта көшіріп, оның өлеңдік бөліктеріндегі бар кемшіліктерді түзетті. Бұл жұмысты ол жасы үлкен халық жыршысы Көбейбайдың көмегімен орындаған.

Бұл жырда Едіге батыр мен биға тән ең асыл қасиеттерді қатар бойына жинаған қаһарман ретінде суреттеледі. Едігені батыр ретінде сипаттағанда жырда былай делінеді:

Алдынан бағаласаң - жалынның жарқылын көресің.

Артыннан бағаласаң - қайсарлықтың белгісін көресің.[5]

Алайда халықтың «батыр жолбарыс жалақ иттей, көптің ішінен біреуі ғана шығады» деген мәтелі бар. Сондықтан да жырда Едігеге «батырдан» гөрі «би» қасиеттері көбірек телінеді. Сол себепті ауыз әдебиетінде Едіге терең құрметпен бейнеленіп, ол жайында: «Бұрынғы батырлардың ішінде біріншісі де, соңғысы да - Едіге» деген халық даналығы қалыптасқан [3, 4].

Сәтбаев нұсқасындағы Едіге - халық құрметтеген, шешен әрі әділ би. Едігенің дүниеге келуі мен тегі аңыздық сипатқа ие болғанымен, оның өсуі мен қалыптасуы қарапайым адамдардың тағдырына ұқсайды. Ешкім танымайтын қойшы бала ақылмен, әділ билігімен Тоқтамыс ханның назарын аударады, ел басқару ісіне араласып, халықтың тірегіне айналады. Жырда Едігенің батырлығына қарағанда, оның ақыл-парасатының ашылуы, шындықты айтатын шешен әрі дана би ретіндегі тұлғасы көбірек бейнеленеді. Тарихи оқиғалармен қатар, бұл эпоста ертегі мен аңыз элементтері араласып келген. Эпоста Едігенің даңқы мен дарындылығы кең көлемде сипатталады. Тіпті оның қазасының өзі - нағыз ерлік пен абыройдың үлгісі ретінде көрініс табады.

«Ер Едіге» поэмасы жарты ғасырға жуық уақыт бойы жарияланбады. Көпжылдық үзілістен кейін қазақ халқының мәдени мұрасын қайта игеруге жол ашылған XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында эпосқа қатысты зерттеулерде жаңа серпіліс басталды. 1996 жылы бұл жыр ғалым Р. Бердібайдың алғысөзімен және О. А. Нұрмағамбетованың құрастыруымен қазақ және орыс тілдерінде «Ер Едіге» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді.

Едігенің өміріне қатысты бірнеше қызықты деректер келтіре кетсек: Едіге - Ақ Маңғыт тармағына жататын Маңғыт руынан шыққан әйгілі Алтын Орда әмірі. Ол XIV ғасырдың ортасында дүниеге келген. Оның өмірі туралы тағы не білеміз? Тоқтамыс хан тағына отырғаннан кейін Едіге біраз уақыт оған қызмет етті, бірақ көп ұзамай ханмен араздасып, жиені Тимур-Кутлықпен бірге қайтадан Темірге (Тамерланға) қашып барады. 1395 жылға дейін Едіге Еділдің шығыс жағында өз билігін нығайтты. Темір Терек өзені бойындағы шайқаста Тоқтамышты екінші рет жеңгеннен кейін, Едіге өз билігін кеңейтуге кірісіп, Алтын Орданың бүкіл аумағына дерлік үстемдік орнатты. Тоқтамыш жеңілістен кейін Литва князі Витовттан қолдау алып, әскерін Едіге мен Тимур-Кутлыққа қарсы бастап шықты. Ворскла бойындағы шайқаста Едігенің айласы Литва және Тоқтамыш әскерін жеңуге мүмкіндік берді. Осыдан кейін Тоқтамыш Едігеге қарсы партизандық соғыс жүргізе бастады. Екеуінің арасында 16 шайқас болды, соңғысында Тоқтамыш қаза тапты. 1408 жылы Едіге Мәскеуге жорық жасады, сол жорықтан кейін Мәскеу князі Алтын Ордаға қайтадан алым-салық төлеуге мәжбүр болды. Бұл жорыққа кейін қазақ хандары болған Жәнібек пен Керейдің үш нағашысы қатысқан. Өз билігі тұсында Едіге Алтын Орда көшпенділері арасында исламды түпкілікті орнықтырады. Соның нәтижесінде көшпенділерді Мысырға және басқа мұсылман елдеріне құлдыққа сату ресми түрде тыйым салынады.[6]

Шығыс авторы Ибн Арабшах Едігені былай сипаттайды: «Өте қараторы, орта бойлы, денелі, батыл, түрі сұсты, ақыл-парасаты биік, жомарт, жүзінде жағымды жымыс бар, көреген әрі алғыр». Едіге Алтын Орданың тұтастығын қалпына келтіруге талпыныс жасаған соңғы мемлекеттік қайраткер болды. Оның өлімінен кейін Алтын Орданың ыдырау процесін тоқтату мүмкін болмады. Едігенің

ұрпақтары Ресейдегі екі белгілі князьдық әулет болды: Юсуповтар мен Урусовтар. XIX ғасырда Юсуповтар Ресейдегі ең бай отбасылардың бірі болған, бірақ кейін әулет тоқтап, Юсуповтардың тікелей ер ұрпақтары мүлде қалмады. Ал Урусов князьдарының ұрпақтары бүгінгі күнге дейін өте көп [4, 96-97 бб]. Едіге - қыпшақ тобына жататын барлық түркі халықтарының фольклорындағы ең танымал кейіпкерлердің бірі. Бірақ, өкінішке қарай, Едіге туралы толыққанды биография киноға, театрға немесе балетке арналып қойылмаған. Татар балеті «Джаника» оның өмірін ішінара қамтиды. Тарковскийдің «Андрей Рублёв» фильмінде Едіге қосалқы кейіпкер ретінде көрінеді. Едіге - Алтын Орда билеушілерінің ішінде алғаш рет монеталарға тек ханның емес, өзінің де атын қашатқан тұлға. Өмірінің соңғы жылдарында Алтын Орда тиындарының бір бетіне ханның, екінші бетіне Едігенің есімі қашалған. Кейін оның ұлдары, немерелері және шөберелері де монеталарға өз есімдерін және хандардың есімдерін қатар жазып отырған.

Едігенің мазары Орталық Қазақстанда орналасқан. Оны орыс лингвисті әрі этнографы барон Пётр Карлович Услар былай сипаттайды: «Ұлытаудың ең биік шыңдарының бірінде халық арасында Едіге моласы деген атпен белгілі керемет ескерткіш бар. Бұл Едіге, қырғыздардың (қазақтардың) аңыздарына қарағанда, Жайықтың арғы бетінде жасаған әскери ерліктерімен даңқы шыққан ұлы батыр болған. Кейбір сібірлік антикварийлер маған бұл - біздің тарихымызда Мәскеуді қоршауымен және Литва князі Витовтпен соғысымен белгілі сол Едіге деп сендірді. Едігенің ерліктері қазақтың халық әндерінде мадақталады, бірақ ол бұл әндерде біздің Владимир Красное Солнышко сияқты мифтік кейіпкер ретінде көрсетіледі» («Қырғыз (қазақ) даласындағы төрт ай», Отечественные записки, 1848, №10). Ер Едігеге арналған ескерткіш Ақтөбе қаласында орнатылған.

Өкінішке қарай, Қаныштың бұл жасаған еңбегі кеңесшіл ортада оң бағалана қоймады. Ал 1951 жылы академикті Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатуға ықпал еткен “себептің” бірі де осы “Ер Едіге” болды. Содан бері жарты ғасырдан астам уақыт зымырап өтті. Халықтың еркіндігін тұсаулаған тәуелділік құрсауының үзіліп, оның орнын жаңаша рухтың басқанына да біраз жыл болды. Осындай кезеңдерде елін асыра аман алып қалам деп жүгіріп жүріп жығылған, ел үшін жанын пидә еткен алып тұлғалардың қадірін терең сезінесің. Өйткені ұлттың мұратын түсіне алатын елі болмаса, мемлекет пен мемлекеттіліктің тағдырын кім арқаламақ деген ой еріксіз толғандырады. Осы тұрғыдан қарағанда, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев - ұлт тарихында сирек туатын, кеменгерлік қасиетімен көш бастай алатын дара болмысты тұлғалардың бірі. Ол халқына бағыт көрсететін, елдік жолға серік болар интеллектуалдық қуаты мен кемел даналығы бар хас көсем деңгейінде танылған.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде академик Қ.И. Сәтбаев шығармашылығы тарихи жад пен мәдени кодтардың терең интеграциясын көрсететіні анықталды. Осылайша, академик Қаныш Сәтбаевтың зерттеулері арқасында қарастырылып отырған «Едіге туралы жырдың» нұсқасын жинау және жариялау тарихын, оның тіл білімі, әдебиет және тарих үшін маңызын, тарихи және фольклорлық Едіге бейнелерінің салыстырмасын, жырда кездесетін бірқатар деректер мен эпизодтардың тарихи фактілермен сәйкестігін ашуға мүмкіндік туды. Қ.И. Сәтбаев қазақтардың ауыз әдебиетіндегі Едіге бейнесіне - жағымды қаһарман бейнесіне талдау жасап, оның фольклордағы рөлін барынша ашып көрсетуге тырысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сатпаев К.И. Предисловие к народному сказанию Ер Едиге // Избранное. В 5-ти т. / Сост. М.К. Сатпаева. Том 5. 2007. - С. 258-267.
2. Кушқумбаев А.Қ., Уалиев Т.А. «Ер Едіге» жырының тарихнамасы (XIX ғ. II-жартысы - XX ғ. I-жартысы) // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. - 2022. - №3(31). - Б.15-26.
3. Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Исследование тюркской духовной культуры в творчестве Ч. Валиханова // Тюркский мир в потоке истории. 3 (59) 2017. С. 5-10.
4. Едигей // Большая советская энциклопедия : [в 30 т.] / гл. ред. А. М. Прохоров. - 3-е изд. - М. : Советская энциклопедия, 1969-1978.
5. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1991, 232 б.
6. Якубовский А.Ю. Тимур // Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. М., 1992, с. 28-32.)
7. Ананьева С., Галай К., Демченко А. (2024). Стилевое своеобразие исследований К.И. Сатпаева о литературе, искусстве и эпистолярного наследия ученого // Keruen. - №85(4). - С.47-55.